



**«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
санитарлық-эпидемиологиялық талаптарының қағидалары**

**Жалпы Ереже**

1. **COVID – 19** пандемиясымен негізделген карантин жағдайында, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында білім беру қызметін ұйымдастыру санитариялық-эпидемиологиялық режимнің (бұдан әрі - СЭР) алдын алу және қамтамасыз ету шараларын, оқу процесін ұйымдастыруға жалпы талаптарды, қашықтықтан оқытудың толық форматы, аралас оқыту форматы кезінде оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды, білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып оқуға қолжетімділігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды сақтаумен жүзеге асырылады.

2. СЭР алдын алу және қамтамасыз ету шараларын іске асыру мақсатында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында СЭР қамтамасыз ету регламенті әзірленген.

**Негізгі талаптарды ұйымдастыру**

3. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты ғимараттарында, студенттер үйі мен аумақтарында СЭР қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылданылады (термометрлер, антисептиктері бар санитайзерлер орнатылды).

4. Сабақ кестесін жасау кезінде: аудитория толымдылығын (әлеуметтік қашықтандыру практикалық, семинар сабақтарында – 2 ш.м.-ге 1 адамнан, зертханаларда - 5 ш.м.-ге 1 адам) ескеру; онлайн және аралас оқыту форматында сабақтар кестесін жасау кезінде сабақтар кестесі білім алушыларға онлайн форматында қолжетімді болады.

5. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты кабинеттері мен дәрісханаларының ауданы:

- 1) 12 - 15 орын үшін 1 білім алушыға 2,5 м<sup>2</sup>;
- 2) 16 - 25 орын үшін 1 білім алушыға 2,2 м<sup>2</sup>;

6. Аудиториялық сабақтар ұзақтығы:

- түрлі академиялық топтардың үзілісте шоғырланбауын қамтамасыз ету үшін арнайы (жылжымалы) үзіліс кестесі бекітілді. (Мысалы, бір топтың сабағының басталуы сағат 8:30, екінші топ 9:00) Кестеде аудиторияның санитариялық өңдеуін өткізу, ауаны заласыздандыру және желдету үшін оқу сабақтарының арасындағы үзіліске 20 минут бөлінген;

- оқу сабақтары уақытында дәліз бен демалыс орындарының желдетілуі жүзеге асырылады;

- көпшілікпен қолданылатын жабдықтардың беттеріне үнемі дезинфекция жасалады;

- тамақтану орындарында, кітапханалар мен білім алушылардың келетін басқа да орындарында СЭР сақталуын қамтамасыз етіледі;

- білім алушылардың спорт залда бір адамға шаққанда 5 ш.м.-ге әлеуметтік қашықтандырылу есебі қамтамасыз етіледі, залдың толымдылығы 40%-дан аспайды;

- Студенттер үйінде орын бөлуді СЭР ескере отырып жүзеге асырылады (қашықтандыру, дезинфекциялаушы құралдармен үнемі өңделеді);

- Оқу ғимараттарында және Студенттер үйінің бірінші қабаттарында изоляторы бар медициналық пункт қамтамасыз етілген.

7. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты ғимараттары мен «Студенттер үйінде» эпидемияға қарсы төмендегідей іс-шаралар жүргізіледі:

- медицина қызметкерлері барлық қызметкерлер мен білім алушылардан күнделікті таңертеңгі бақылауды жүргізеді (жанаспайтын термометрия, ғимаратқа кіреберісте қолды антисептикпен өңдеу, аяқ киімнің табанын өңдеу, аяқ киімді ауыстыру);

- оқу орындарында жүріп-тұру, оның ішінде баспалдақпен көтерілу «бір жақты қозғалыс» қағидасы бойынша арнайы көрсеткіштермен таңбаланған;

- Оқу ғимаратының әрбір қабатында, әрбір аудиторияларда білім алушылардың, оқытушылардың қолдарын өңдеуге арналған тері антисептигі бар санитайзерлер мен лас маскаларға арналған таңбаланған арнайы жәшіктер орнатылған;

- білім алушылар мен қызметкерлерге арналған санитариялық тораптарда дозаторларда сабынның, санитайзерлерде қолға арналған дезинфекциялық құралдардың, қол жуу қағидалары бар плакаттардың болуы қамтамасыз етілген.

*Студенттер үйінде:*

- білім беру ұйымы білім алушылардың «Студенттер үйіне» орналасқан

күнінен бастап денсаулық жағдайына байланысты 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізіледі;

- білім алушылардың бірге тамақтануын болдырмау;
- дәретханаларда, қолжуғыштарда және тұрмыстық бөлмелерде дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, үнемі ылғалды жинауды жүргізу;
- жалпы пайдалану орындарын қол жууға арналған құралдармен және антисептиктермен қамтамасыз ету;
- «Студенттер үйінде» тұруға қалған білім алушылардың дене қызуының көтерілуінің барлық жағдайларын немесе жіті респираторлық вирустық инфекцияның (бұдан әрі – ЖРВИ) өзге де белгілері байқалған жағдайда журналға тіркеу;
- созылмалы аурулары бар студенттерге ерекше бақылауды қамтамасыз ету.

8. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты жергілікті атқарушы органдардың шешімі және тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің келісімі бойынша қашықтықтан, аралас, штаттық форматтарда жұмыс істейді.

9. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты эпидемияға қарсы мынадай іс-шаралар жүргізіледі:

- оқу ғимараттар мен студенттер үйінде желдету жүйелерінің тәртібін сақтау;
- оқу аудиторияларын, кітапханаларды өңдеу әрбір 4 сағат сайын бактерицидті шамды 15 минутқа қосу, ылғалды жинау және кейіннен желдету арқылы жүргізіледі;

10. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты кең көлемдегі оқу және тәрбие, спорттық іс-шараларды өткізуге жол берілмейді.

Білім алушылар мен қызметкерлерде **COVID-19** диагнозы расталған жағдайда білім алушылар және қызметкерлермен байланыста болған адамдар үй карантиніне оқшауланады және **COVID-19**-ға зертханалық тексеруден өтеді. Оң нәтиже болған жағдайда жұмыстан немесе оқудан шеттетіледі және емдеуге жіберіледі, теріс нәтиже болған жағдайда өзінің оқуын жалғастыруды, лауазымдық міндеттерін орындауды жалғастырады және 14 күн бойы медициналық бақылауда болады.

***Ескерту: Көрсетілген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарының қазғдалары бұзылған және сақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.***